



ҚАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ПРОКУРАТУРАСЫ

ШЕТ АУДАНЫНЫҢ  
ПРОКУРАТУРАСЫ



ПРОКУРАТУРА  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ПРОКУРАТУРА  
ШЕТСКОГО РАЙОНА

101700, Қарағанды облысы, Ақсу-Аюлы кенті,  
Шортанбай көшесі, №161 үй  
төл.:/факс: 8 (71031) 2-21-35,  
[www.krg.prokuror.kz](http://www.krg.prokuror.kz)

101700, Карагандинская область,  
поселок Аксу-Аюлы, улица Шортанбай, дом 161  
төл.:/факс: 8 (71031) 2-12-35,  
[www.krg.prokuror.kz](http://www.krg.prokuror.kz)

29.02.2024 № 2-0820-24-00206

Шет аудандық санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау  
басқармасы басшысының м.а.  
Ю.В.Морозға

*зәңдыштықтың бұзылуын жою туралы*  
**ҰСЫНУ**

Аудан прокуратурасы Қарағанды облысы білім басқармасының Шет ауданы білім бөлімінің «Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ (бұдан әрі-мектеп) қызметінде кешенді тексеру жүргізді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

Тексеру барысында келесі заңбұзуыштықтар анықталды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бүйрекмен бекітілген «Білім беру объекттеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) 17-тармағына сәйкес барлық үй-жайлардағы едениң беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған болуы тиіс.

Алайда, мектептің сыйыптарында, бірінші қабатында линолеум жыртылған, ақаулы және механикалық зақымданған.

Қағиданың 92-тармағын бұза отырып қыздарға арналған дәретхана қол жууга арналған сабынмен қамтамасыз етілмеген.

Сонымен қатар, Қағиданың 46-тармағына сәйкес жарықтандыру кезінде шағылысқан және шашыраңқы жарықты шамдарды пайдаланады, оларды плафондармен қамтамасыз етеді.

Аталған талаптарға қарамастан информатика және математика кабинеттерінде шамдар плафондармен қамтамасыз етілмеген.

Тексеріс барысында анықталған бұзуыштықтар бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзуыштық туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 425-бабында әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Жоғарыда аталған заңдылықтың бұзылуы лауазымды тұлғалардың өз қызметтік міндеттерін тиісінше орындауы, сондай-ақ мектеп басшылығы тарапынан тиісті бақылаудың болмауы салдарынан орын алды.

Баяндалғаның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабын, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 36-бабын басшылыққа ала отырып, -

### **ҰСЫНАМЫН:**

1. Осы ұсынуды қарап, анықталған бұзушылықтарды жойып, алдағы уақытта осындай бұзушылықтарға жол бермеу жөнінде тиісті шараларды қабылдауды.
2. Жоғарыда аталған заңдылықтың бұзылуына жол берген кінәлі тұлғалардың ӘҚБтК-нің 425-бабында көзделген әкімшілік жауапкершілігі туралы мәселені шешуді.
3. Ұсынуды қарау нәтижелерінде және қабылданған шаралар туралы растайтын күжаттарды қоса тіркең, күнтізбелік отыз күн ішінде аудан прокуратурасына хабарлауды.

**Шет ауданының прокуроры**

**Е.Жаппар**